

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ӨНДІРИСТЕ
ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процесінің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процесінің бірден бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың әрі қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді.

Құқық қорғау органдарының қызметтері, әрі олардың статустық мәртебесі, қылмыспен күресудегі ерекшелігі және азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сапасын көтеруге байланысты елімізде құқықтық реформалар өтіп жатыр. Құқықтық мемлекет құруға байланысты заңдылықты күшейту жұмыстары, соның ішінде қылмыстық заңдардың қазіргі өмірлік талапқа сай қайта өзгерту мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылуда.

Қылмыстарды тез және толық ашу, айыптыларды әшкерелеу, әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазасын алуы және кінәсіз бірде-бір адам қылмыстық жауапқа тартылмауы үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету — ішкі істер органдары қызметкерлерінің басты мақсаты болып табылады. Істі жан-жақты толық және объективті тергеу және шешу заңда көрсетілген қылмыстық процесінің басты қағидаларының бірі Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 8-бабында көрсетілген талаптарға байланысты анықтау, тергеу және сот органдары барлық дәлелдемелерді жинауға, бекітуге және тексеруге сонымен қатар, айыпкердің кінәсін ауырлататын және жеңілдететін, іс үшін маңызды барлық мән-жайларды анықтауға міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «ПО туралы» заңының 3-бабы полицияның мемлекеттік органдармен және басқа да субъектілермен өзара әрекеттесуінің қағидаларын бекітеді. Онда ішкі істер органдарының өзара әрекеттесуінің келесі бағыттарын бөліп қарауға болады: халықаралық субъектілермен, шетелдік құқық тәртібі органдарымен өзара әрекеттесу; жедел уәкелдің ішкі өзара әрекеттесуі; жедел уәкіл қызметкері мен қоғамдық қауіпсіздік полициясының өзара әрекеттесуі; жедел уәкіл мен тергеушімен өзара әрекеттесу және т. б.

Тек қана жоғарыда келтірілген субъектілер тобының барлығымен өзара әрекеттесу барысында ғана криминалдық полицияның алдына қойылатын міндеттерді толық, объективті және жан-жақты шешуге мүмкін болады деген ойдамыз. Криминалдық полицияның әртүрлі органдармен және лауазымды тұлғалармен өзара әрекеттесу сұрақтары жалпы алғанда бірқатар заңнамалық және заңдық нормативтік және ведомстволық актілермен реттелген.

Өзара әрекеттесу — тікелей немесе ортақтандырылған, сыртқы немесе ішкі қатынасты, байланысты көрсетеді. Кез келген құбылыс, кез келген объект, егерде оны белгілі бір тәртіппен өзара байланысты және өзара әрекеттесуші бөліктерге немесе жүйеліктерге бөле алатын болсақ, жүйелік болып табылады.

Қылмыстарды ашу және тергеу жүргізудің тиімділігі көбінесе тергеуші мен жедел іздестіру шараларды жүзеге асырушы органдардың әрекеттерінің келісімділігі мен бірлесушіліктеріне байланысты болып келетіндігі баршаға мәлім.

Тергеу және жедел-іздестіру бөліністерінің қылмыстарды ашу бойынша спецификалық, тек өздеріне ғана тән құралдар мен әдістері болатыны әйгілі, сондықтан да осындай мүмкіндіктердің жеке-бөлек емес, керісінше кешенді түрде қолданылуы өте маңызды болып табылады.

Р. С. Белкин пікірі бойынша, дәлелдеу субъектісінің өзара әрекеттесуін тергеушінің анықтау органымен негізінен заңға негізделумен айқындалатын, іс бойынша маңызы бар, мақ-

саты, уақыты мен орны бойынша келісілген, қылмыстық істі толық және тез ашу және бой тасалаған қылмыскерлерді, жоғалған құндылықтарды және басқа да объектілерді іздеуге бағытталған, қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру нысанының бірі ретінде анықтайды. Өзара әрекеттесудің мақсаттарына тек қана жедел қызметкер мен тергеушінің бірлескен әрекеті құрылатын теорияда және тәжірибеде өндеп шығарылған белгілі бір жағдайлар сақталған кезде ғана толық қол жеткізуге болады. Өзара әрекеттесуді ұйымдастыруда әлеуметтік басқарудың кез келген жүйесінің негізгі идеясы айқындалады. Демек, жалпы мақсаттарға қол жеткізу процесінде жүйенің жекелеген элементтерінің келісілген және бірлескен түрде жұмыс атқаруы. Өзара әрекеттесу өзара байланысқа негізделеді, аталған жүйе элементтерінің бірлескен, келісілген әрекеттерін пайымдайды. Келісушілік өзара әрекеттесудің бар екендігіне нұсқайтын негізгі белгі болып табылады. Жұмыста бұл өзара әрекеттесу субъектілері қабылдайтын шараларды тиімді біріктіру арқылы қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 64-бабы 1-бөлігіне назар аудару қажет, яғни соған сәйкес, тергеуші — өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі. Тергеушілердің жұмысты жақсы ұйымдастыруы үшін жүйелік құрылымдық бөліністер құрылған, оларды тергеу аппараттары деп атау ұйғарылған.

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте сондай-ақ анықтау органдарымен анықтау нысанында жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Анықтау — анықтау органдарының өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны қарастырады.

Тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің толықтылығы мен тиімділігіне қол жеткізу тек қана өзара әрекеттесудің заңда көзделген және тәжірибе жүзінде қалыптасқан белгілі бір талаптарын қатаң сақтау негізінде құрылады. Демек аталған талаптарды сақтау өзара әрекеттесудің әрбір жағдайы барысында тергеуші және жедел қызметкер үшін де міндетті болып табылады. Бұл талаптар өзара әрекеттесудің принциптері болып табылады. Тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеттесудің Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 64-бабы 5-бөлігінде көрсетіліп бекітілген, яғни онда тергеуші тергеу жүргізудің барлық бағыттары, жүргізілуге тиіс тергеу әрекеттері бойынша барлық шешімдерді өзі дербес қабылдайтындығы және олардың заңдылығы мен дер кезінде жүргізілуі бойынша толық жауапкершілікте болатындығы жөнінде көрсетілген. Осылайша, заң тергеушіге келесі сұрақтарды шешуді жүктейді: анықтау органын қылмыстық іс бойынша өндіріске тарту қажеттілігі туралы; анықтау органын тартудың көлемі туралы; аталған өзара әрекеттесудің нақты міндеттері туралы; осы әрекеттесудің уақыты, орны және мерзімдері туралы; қажетті әрекеттерді орындаудың көлемі мен бірізділігі; бір және сол немесе бірнеше әрекеттерді бірлесе отырып жүргізуде әрбір органның ролі; өзара әрекеттесуге қатысушылардың арасында міндеттерді бөлу және т. б.

Өзара әрекеттесудің деңгейі соңғы кезегінде кез келген жүйенің мәнін анықтайды және ішкі істер органдарының құқық қорғау қызметінің негізі болып табылады.

Тәжірибе анықтаушылар мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің келесідей нысандарын өндеп шығарды: анықтаушыны қылмыстық іс қозғалғанға дейін жедел материалдармен таныстыру; іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерін, іздестіру және жедел іздестіру шараларын бірлесіп жоспарлау; қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізуді жоспарлау барысында тергеуші мен жедел қызметкерлердің жұмыстарын келісу; тергеу жүргізу және жедел-іздестіру шараларын өткізу нәтижелері туралы өзара ақпаратпен бөлісу; алынған мәліметтер туралы бір жақтылық тәртіппен хабарландыру; нәтижелерге талдау жүргізу және анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды анықтау үшін өзара әрекеттесу субъектілерінің бірлескен кеңестерін өткізу және т. б.

Сарапшылардың пікірінше, өзара ақпарат алмасуға ерекше назар аударған жөн. Полиция қызметкерінің тергеушінің рұқсатынсыз одан алынған мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар, оның басқа да әрекеттерді жүргізе отырып, тапсырмаларды орындау барысында өзі анықтаған немесе мәлім болған мәліметтерді жариялауға құқылы еместігін есте сақтау өте маңызды. Полиция анықтайтын мәліметтердің қайнар көздеріне тәуелсіз бола тұра, алдын ала тергеуді тергеуші жүргізеді және іске қатысы бар мән-жайлар мен фактілерді тұлғаларға хабарлауды қосу бойынша барлық тактикалық сұрақтар осыған тұйықталуы тиіс. Кейбір авторлар өзара әрекеттесудің басқа да жағдайларын бөледі, алайда олар негізінде өзгеше және жедел-іздестіру шаралар түрін қолдануға қатысты.

Қорыта келгенде, құқық қорғау органдарындағы тергеуші мен жедел уәкіл қызметкердің арасындағы өзара әрекеттесу ереже бойынша қылмыстық іс қозғалғанға дейін ертерек, тексеру мақсатында жедел іздестіру шаралары өткізу барысында пайда болады және қоғамды тарту, сондай-ақ тергеуші мен анықтау органдары қызметкерлерінің атқаратын әрекеттерінің сапасы мен көлемі бойынша өзара жауапкершіліктері жағдайы арқылы жүзеге асырылуы қажет деген ойдамыз.